

Жаңақала аудандық Жаңақала аудандық «Jastar» спорт клубының 6 айында өткізген шаралары туралы мәлімет

2019 жылы 6 айда Жаңақала ауданында спорттық 211 шаралар ұйымдастырылып, 8842 адам қамтылды.

Дүбірлі доп додасы Жаңақала мектеп-гимназиясының спорт залында бұқаралық спортты дамытуға арналған «Жаңақала волейбол лигасының» ашылу салтанаты өтті. Жарыстың ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Жасұлан Нұрғожин аудан тұрғындарын айтулы мерекемен құттықтап, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі. Жарысты бұқаралық спортты кеңінен дамыту және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында Жаңақала аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі ұйымдастырды. Дүбірлі доп додасына аудан бойынша 16 команда сапында 130-дай спортшы қатысуда. Айта кетсек, бұл жарыс мамыр айына дейін жалғасып, 15 тур ойындары өтеді екен. Жиында жарыстың бас төрешісі Махсот Бекболатов ойын ережесімен таныстырған соң, тартысқа толы жарыс бірден басталып кетті.



Шаңғыдан жарыс өтті

Салауатты өмір салтын насихаттау, бұқаралық спорт түрлерін дамыту, аудан тұрғындарын спортқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында Жаңақала аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің қолдауымен, Жаңақала аудандық «Jastar» спорт клубының ұйымдастыруымен, қысқы спорт түрі – шаңғыдан аудандық жарыс өтті. Жарысқа аудан бойынша, Жаңақала аудандық білім беру бөлімі, Жаңақала колледжі, Жаңақала аудандық жас туристер станциясы, Жаңақала аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі, Жаңақала мектеп-гимназиясы, Жаңақала ЖОББМ және №3 ЖОББ қазақ мектебінің командалары қатысып, шеберліктерін шыңдады. Сықырлаған сары аязға қарамастан, шаңғышылар жарыстан тосылып қалмай, белсенділік танытты. Шаңғы жарысында нәзік жандылар арасында жақсы нәтиже көрсеткен Гайнуллина Айдана (№3 ЖОББҚМ) I орынды қанжығаласа, II орынды Себекова Зухра (аудандық жас туристер станциясы), III орынды Шайдуллина Ақнұр (№3 ЖОББҚМ) иеленді. 40 жасқа дейінгі ерлер арасында I орынмен Әділғалиев Ақжол (№3 ЖОББҚМ), II орынмен Сапаров Асылхан (Жаңақала ЖОББМ), III орынмен Қадыралиев Нұрбек (№3 ЖОББҚМ) марапатталды. 40 жастан жоғары ерлер арасында I орынды Батыров Замир (БЖСМ) жеңіп алса, Кенжеғалиев

Жарасқали (Жаңақала колледжі) II орын, Есмағулов Марат (Жаңақала колледжі) III орын иегері атанды. Жалпы командалық есеп бойынша №3 ЖОББҚМ-і I орынды иеленсе, Жаңақала колледжі II орынға жайғасты.

Шара соңында жеңімпаздар дипломдар және медалдармен марапатталды.



Ұлттық спорт ұлықталды

2019 жылдың 22 ақпан күні Жаңақала аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің қолдауымен, Жаңақала аудандық «Jastar» спорт клубы ұйымдастыруымен Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру бағдарламасы» аясында «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласын іске асыру мақсатында ұлттық спорт түрлерінен аудан біріншілігі (аударыспақ, жамбы ату) өткізілді. Ұлттық спортымыз ұлықталған сайысқа

1. Бірлік ауылдық округі;
2. Жаңақазан ауылдық округі;
3. Жаңажол ауылдық округі;
4. Қызылоба ауылдық округі;
5. Мәстексай ауылдық округі;
6. Пятимар ауылдық округі;
7. С.Меңдешев ауылдық округі;
8. Жаңақала жалпы орта білім беретін мектебі;
9. №3 жалпы орта білім қазақ орта мектебі;
10. Жаңақала аудандық балалар-жасөспірім спорт мектебінің спортшылары қатысты. Жас ұрпақтың ат спортына қызығушылығын арттыру, ұлттық ат спорты ойындарын дамыту мен ұлықтауға арналған шарада алғаш сөз алған аудан әкімінің орынбасары Нұрғожин Жасұлан Сәкенұлы Елбасының бағдарламалық мақалаларында көрініс тапқан өткенімізді саралап, дәстүрлерімізді қайта қолға алып, ұлттық ат спорты қарқынды дамып келе жатқанын сөзге тиек етті.

Аударыспақтан бақ сынасқан ауыл жастары ат үстінде еркін ойнап, бірін-бірі ер үстінен аударып салу сайысында

60 келі салмақ дәрежесінде

I орын Болатов Арнұр (Бірлік ауылдық округі);

II орын Серікқалиев Жансерік (Мәстексай ауылдық округі);

III орын Нағымов Қайырбек (Жаңақала ауданы);
 80 келі салмақ дәрежесінде
 I орын Төлегенов Асыланбек (Жаңақала ауданы);
 II орын Уахитов Жәнібек (Жаңақала ауданы, БЖСМ);
 III орын Жантеміров Нұрсапа (Бірлік ауылдық округі);
 + 80 келі салмақ дәрежесінде
 I орын Неғметов Жалғас (Қызылоба ауылдық округі);
 II орын Жакиев Асылбек (С.Меңдешев ауылдық округі);
 III орын Есімов Ақберген (Жаңажол ауылдық округі);
 Садақтан нысананы дәл көздеп, мергендіктерін дәлелдеді
 I орын Габбасов Нұрғали (Жаңақала ауданы);
 II орын Еслямов Есенболат (Жаңақала ауданы);
 III орын Шаутонов Қайрат (Жаңақала ауданы, БЖСМ)
 Жамбы атудан оқушылар арасында
 I орын Сатыбалды Бекжан (Жаңақала ауданы);
 II орын Замирулы Рахат (Жаңақала ауданы);
 III орын Усағалиев Диас (Жаңақала ауданы);
 Жүзден жүйрік шығып, дара шапқан ойыншылар диплом және медальдармен марапатталып, сыйлықтар иеленді.



«ЕҢБЕК КУБОГІ - 2019»

2019 жылдың 1 наурыз күні Жаңақала аудандық мәдениет, тілдерді дамыту дене шынықтыру және спорт бөлімінің қолдауымен Жаңақала аудандық «Jastar» спорт клубының және Жаңақала аудандық жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығының ұйымдастыруымен 1 наурыз – Алғыс айту күніне орай шағын футболдан аудандық жарыс оздырылды. Аудандық жарысқа 15 команда қатысып, бақтарын сынады.

1. Бірлік ауылдық округі;
2. Көпжасар ауылдық округі;
3. Қызылоба ауылдық округі;
4. Жаңақазан ауылдық округі;
5. Мәстексай ауылдық округі;
6. Пятимар ауылдық округі;
7. «Жастар үні» жастар қоғамдық бірлестігі;
8. Жаңақала мектеп – гимназиясы;
9. Жаңақала жалпы орта білім беретін мектебі;
10. №3 жалпы орта білім беретін қазақ мектебі (№1 командасы);
11. №3 жалпы орта білім беретін қазақ мектебі (№2 командасы);

12. Жаңақала колледжі (№1 командасы);

13. Жаңақала колледжі (№2 командасы);

14. Жаңақала аудандық мешіті;

15. Жаңақала аудандық балалар – жасөспірімдер спорт мектебі;

Аудан әкімінің орынбасары Нұрғожин Жасұлан Сәкенұлы, Жаңақала аудандық мәдениет, тілдерді дамыту дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Еслямғалиева Ақнұрлы Нұрғалиқызы, спорт саласының ардагері Есмагулов Марат Паритұлы және жарыстың бас төрешісі Құспанов Бекболат Қабенұлы ашылу салтанатының құрметті қонағы болып қатысты. Жарыстың ашылу салтанатында сөз алған аудан әкімінің орынбасары Нұрғожин Жасұлан Сәкенұлы жарысқа қатысушыларға сәттілік тілеп, көктемнің алғашқы күнінен бастау алған алғыс айту күніне орай бір топ спортшыларға аудан әкімінің атынан алғыс хат табыс етті. Жарыс қорытындысы бойынша «Жеңіске деген жігері үшін» бағамына ие болған Жаңақала аудандық мешіті, III орынды «Жастар үні» жастар қоғамдық бірлестігі, II орынды Жаңақала мектеп – гимназиясы, I орынды №3 жалпы орта білім беретін қазақ мектебінің командасы иеленді. «Үздік ойыншы» бағамын Жаңақазандық Валитов Даниель, «Үздік шабуылшы» бағамын Алтынбеков Азамат және «Үздік қақпашы» бағамын Қисымов Біржан иеленді. Жеңімпаз командаларға диплом және сыйлықтар табысталды.



2019 жылдың 7 наурыз күні Жаңақала аудандық мәдениет, тілдерді дамыту дене шынықтыру және спорт бөлімінің қолдауымен Жаңақала аудандық «Jastar» спорт клубының ұйымдастыруымен 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған волейболдан әйелдер командалары арасында аудандық жарыс өткізілді. Аудандық жарысқа 12 команда қатысып, бақтарын сынады.

1. Бірлік ауылдық округі;

2. Көпжасар ауылдық округі;

3. Қызылоба ауылдық округі;

4. Жаңақазан ауылдық округі;

5. Жаңажол ауылдық округі;

6. С. Меңдешев ауылдық округі;

7. Жаңақала мектеп – гимназиясы;

8. Жаңақала жалпы орта білім беретін мектебі;

9. №3 жалпы орта білім беретін қазақ мектебі;

10. Жаңақала колледжі;

11. Жаңақала аудандық аурухана;

12. Қосымша білім беру педагогтары;

Жарыстың ашылу салтанатында сөз алған «Нұр Отан» партиясы Жаңақала аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Саматов Рухолла Аманғалиұлы жарысқа қатысушы ару аналарды мейрамдарымен құттықтап, сәттілік тіледі.

Жарыс қорытындысында I орынды №3 жалпы орта білім беретін қазақ мектебі, II

орынды Бірлік ауылдық округі, III орынды Жаңақала жалпы орта білім беретін мектебінің командасы иеленді. «Үздік ойыншы» бағамын Өтеуова Салтанат, «Үздік шабуылшы» бағамын Ермек Сәния және «Үздік байланыстырушы» бағамын Бактыгулова Бекзат иеленді. Жеңімпаз командаларға диплом және сыйлықтар табысталды.



2019 жылдың 12 наурыз күні Жаңақала аудандық мәдениет, тілдерді дамыту дене шынықтыру және спорт бөлімінің қолдауымен Жаңақала аудандық «Jastar» спорт клубының ұйымдастыруымен Көрісу айт мерекесіне орай ұлттық ойын асық атудан ерлер және әйелдер арасында аудан біріншілігі өткізілді. Жарысқа мекеме қызметкерлері және аудан жастары қатынасып, бақтарын сынады.

Жарыстың ашылу салтанатында сөз алған Жаңақала аудандық «Jastar» спорт клубының директоры Гумаров Жанболат Жасқайратұлы көрісу айт мерекесімен құттықтап, спортшыларға сәттілік тіледі.

Жарыс қорытындысында асық атудан ерлер арасында III орынды Гумаров Әділ (Жаңақала колледжі), II орынды Әліпқали Шалқар (БЖСМ), I орынды Молдағалиев Аңсар (№3 ЖОББ қазақ мектебі), ал асық атудан әйелдер арасында III орынды Қарабасова Нұржиян (ОКЖ), II орынды Бижанова Гүлжиян (Жаңақала ауылдық округі), I орынды Хамзина Ақсауле (ОКЖ) иеленді. Жеңімпаз спортшыларға арнайы диплом және сыйлықтар табысталды.



2019 жылдың 16 наурыз күні Жаңақала аудандық мәдениет, тілдерді дамыту дене шынықтыру және спорт бөлімінің қолдауымен Жаңақала аудандық «Jastar» спорт клубының ұйымдастыруымен Жаңақала мектеп – гимназиясының спорт залында мемлекеттік қызметшілер арасында аудандық спартакиаданың ашылу салтанаты өтті. Мемлекеттік қызметшілер аудандық іріктеуде спорттың 10 түрінен (баскетбол, волейбол, шағын футбол, асық ату, шахмат, тоғызқұмалақ, жеңіл атлетика, үстел теннисі, қол күресі, гір тасын көтеру) сайысқа түседі. Аудандық спартакиадаға 8 команда қатынасып, бақтарын сынауда.

1. «Барыс» командасы - Жаңақала ауданы әкімі аппараты; Аудандық экономика және қаржы бөлімі; Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобильдер жолдары бөлімі;
2. «Жалын» командасы – Жаңақала ауылдық округ әкімі аппараты; Аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі; Аудандық ішкі саясат бөлімі;
3. «Тұлпар» командасы - Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі; Аудандық білім беру бөлімі; Аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі; Аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі; Аудандық ветеринария бөлімі; Аудандық жер қанынастары бөлімі;
4. «Сұңқар» командасы - Жаңақазан ауылдық округ әкімі аппараты; Көпжасар ауылдық округ әкімі аппараты;
5. «ЖасНұр» командасы - Қызылоба ауылдық округ әкімі аппараты; Пятимар ауылдық округ әкімі аппараты;
6. «Достық» командасы - Бірлік ауылдық округ әкімі аппараты; С.Меңдешев ауылдық округ әкімі аппараты;
7. «Бәйтерек» командасы - Мәстексай ауылдық округ әкімі аппараты; Жаңажол ауылдық округ әкімі аппараты;

Жарыстың ашылу салтанатында сөз алған аудан әкімі Қарағойшин Наурызбай Қадырбайұлы аудан командасына облыстық спартакиада да жоғарғы деңгейде көрінулеріне сәттілік тіледі. Жарыс кестесіне сәйкес баскетбол және тоғызқұмалақ ойын түрлері бойынша сайыстар өтті.

Жарыс қорытындысында

Баскетболдан ерлер арасында

I орын «Тұлпар» командасы;

II орын «Барыс» командасы;

III орын «Сұңқар» командасы;

Баскетболдан әйелдер арасында

I орын «Жалын» командасы;

II орын «Сұңқар» командасы;

Тоғызқұмалақтан командалық есепте

I орын «Жалын» командасы;

II орын «Барыс» командасы;

III орын «Сұңқар» командасы;



2019 жылдың 22 наурыз күні Достық алаңында Жаңақала аудандық «Jastar» спорт клубының ұйымдастыруымен 22 наурыз - Ұлыстың ұлы күні мерекесіне арналған көпшілік спорттық шаралар (Гір тасын көтеруден, арқан тартыстан, ләңгі тебуден) өткізілді. Жарысқа мекеме қызметкерлері және аудан жастары қатынасып, бақтарын

сынады. Жарыс қорытындысында

Гір тасын көтеруден:

I орын Мұратов Асхат;

II орын Малдыбаев Мейрамбек;

III орын Мұратов Әлібек;

Арқан тартудан:

I орын Жаңақала желілік – өндірістік басқармасы командасы;

II орын 1990 ж.т. командасы;

III орын 1991, 1992 ж.т. командасы;

Ләңгі тебуден:

I орын Айтымбетов Мейрамбек;

II орын Аманғалиев Радик;

III орын Серіков Қолқанат;

Жеңімпаз спортшыларға арнайы диплом және сыйлықтар табысталды.



10 сәуір күні Жаңақала аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің Жаңақала аудандық «Jastar» спорт клубының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Н.Ә. Назарбаевтың жүлдесіне арналған «Қазақстан Барысы» облыстық турниріне іріктеу мақсатында қазақ күресінен аудандық турнир оздырылды.

Аудандық турнирге 24 палуан қатысты:

Өгіз палуандар:

1. Халиков Ерлан (Жаңақазан ауылдық округі), лақап аты Сары дәу;
2. Жағыпаров Дәурен (Жаңажол ауылдық округі), лақап аты Айдархан арланы;
3. Аубакиров Өркен (Жаңажол ауылдық округі), лақап аты Айдархан барысы;
4. Файзуллин Айдарбек (Жаңажол ауылдық округі), лақап аты Бөрі;
5. Малдыбаев Мейрамбек (Мәстексай ауылдық округі), лақап аты Тайлақ;
6. Омаров Әсет (Мәстексай ауылдық округі), лақап аты Тарлан ;
7. Қайырбеков Жеңіс (Көпжасар ауылдық округі), лақап аты Көкжал ;
8. Қабдуллин Амандық (С.Меңдешев ауылдық округі), лақап аты Қыран;
9. Сулейменов Сергей (Пятимар ауылдық округі), лақап аты Чибо;
10. Хафизов Темірлан (Қызылоба ауылдық округі), лақап аты Арлан ;
11. Кенжеғалиев Тілек (Жаңақала ауданы), лақап аты Дәу қара;
12. Сыралиев Жасқанат (Жаңақала ауданы), лақап аты Қара бура;
13. Жұмағұлов Райымбек (Жаңақала ауданы), лақап аты Жума;

Түйе палуандар:

1. Қатапов Ақжол (Жаңақала ауданы);
2. Табылдиев Табылғали (Жаңажол ауылдық округі);

3. Дайыров Өмірсерік (Мәстексай ауылдық округі);
4. Арыстанғалиев Мәди (Жаңажол ауылдық округі);
5. Қалиарыстанов Әділет (С.Меңдешев ауылдық округі);
6. Рахимов Еламан (Жаңақала ауданы);
7. Нығметов Жалғас (Қызылоба ауылдық округі);
8. Ибрайұлы Исламбек (Жаңақала ауданы);
9. Қуанышқалиев Мергенғали (Жаңақала ауданы);
10. Әділғалиев Ақжол (Жаңақала ауданы);
11. Ниетов Нұрбол (Жаңақала ауданы);

Турнирдің ашылу салтанатына аудан әкімі Қарағойшин Наурызбай Қадырбайұлы, аудандық мекеме басшылары, спорт ардагерлер қатысты. Құттықтау сөз сөйлеген аудан әкімі Наурызбай Қадырбайұлы құттықтау сөз сөйлеп, палуандарға сәттілік тіледі. Ол жарысқа қатысушы спортшыларға аудан атын асқақтатып, биік белестерден көрінуіне тілектестік білдіріп, «жауырындарың жерге тимесін» деген тілегін жеткізді. «Батаменен ел көгерер, жаңбырменен жер көгерер», «Баталы ер арымас, батасыз ер жарымас» дегендей дана халқымыз, спорт ардагері Алихан Декартұлы палуандарға ақ жол тілеп бата берді.

Жарыс қорытындысында өгіз палуан бойынша

I орын Әділғалиев Ақжол (Жаңақала ауданы);

II орын Табылдиев Табылғали (Жаңажол ауылдық округі);

III орын Рахимов Еламан (Жаңақала ауданы);

Түйе палуан бойынша

I орын Жағыпаров Дәурен (Жаңажол ауылдық округі);

II орын Хафизов Темірлан (Қызылоба ауылдық округі);

III орын Омаров Әсет (Мәстексай ауылдық округі);

Жағыпаров Дәурен турнирдің жеңімпаз атанып, облыстық жарысқа жолдама алды.

Жарыс жеңімпазы мен жүлдегерлеріне арнайы дипломдар мен шағын естелік сыйлықтар табыс етілді.



2019 жылдың 9 мамыр күні «Ипподром» алаңында Жаңақала аудан әкімінің қолдауымен Жаңақала аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Жаңақала аудандық «Jastar» спорт клубының» ұйымдастыруымен Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 74 жылдығы мерекесіне арналған ұлттық спорт түрлерінен (21 шақырым Аламан бәйге, 6 шақырым Тай жарыс, көкпар, аударыспақ, салмақ дәрежелері бойынша – 70, 80, +80, теңге ілу, қой көтеру) жарыс өткізілді. Жарыстың мақсаты: Салауатты өмір салтын насихаттау, жастарға патриоттық тәрбие беру, ұлттық спорт түрлерінен жарыс өткізу арқылы қоғамда, ұлттық спорт түрлеріне деген қызығушылықты арттырып насихаттау, ауданымызда ұлттық

спортымыздың деңгейін көтеру, дамыту.

Жарыс қорытындысы бойынша

21 шақырым Аламан бәйгеде

3 орын Мыңбаев Бақберген (Ақжайық ауданы);

2 орын Ахметкереев Бекзат (Қазталов ауданы);

1 орын Ергулов Бекслан (Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы);

6 шақырым Тай жарысында

3 орын Әнуаров Мерген (Пятимар ауылдық округі);

2 орын Қайырлиев Бекзат (Пятимар ауылдық округі);

1 орын Миразат Айбатыр (Жаңажол ауылдық округі);

Көкпардан

3 орын Жаңақазан ауылдық округі командасы;

2 орын Жаңақала ауданы командасы;

1 орын Ақжайық ауданы командасы;

Аударыспақ 70 келі салмақ дәрежесінде

3 орын Бисенбаев Асланбек (Жаңақазан ауылдық округі);

2 орын Калиакбаров Амангелді (Ақжайық ауданы);

1 орын Жеңісов Мағжан (Жалпақтал, Әбіш ауылы);

Аударыспақ 80 келі салмақ дәрежесінде

3 орын Қусмагулов Қайнар (Ақжайық ауданы);

2 орын Уахитов Жәнібек (Жаңақала ауданы);

1 орын Серіков Қолқанат (Жаңақала ауданы);

Теңге ілуден

3 орын Жеңісов Мағжан (Жалпақтал, Әбіш ауылы);

2 орын Серіков Бекнұр (Ақжайық ауданы);

1 орын Қусмагулов Қайнар (Ақжайық ауданы);

Қой көтеруден Төлегенов Бауыржан иеленді.

Жеңімпаз, жүлдегер болған спортшылар дипломдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

